

Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 120 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің өңіраралық жер инспекциялары Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің аумақтық жер инспекциялары болып қайта ұйымдастырылсын.

2. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.02.2013 № 109 қаулысымен.**

3. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 19 қаңтардағы
№ 120 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің аумақтық жер инспекциялары болып қайта ұйымдастырылатын Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі өңіраралық жер инспекцияларының тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Ақмола облысы бойынша аумақтық жер инспекциясына, Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Қарағанды облысы бойынша аумақтық жер инспекциясына, Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Астана қаласы бойынша аумақтық жер инспекциясына бөлу жолымен Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Ақмола, Қарағанды облыстары және Астана қаласы бойынша өңіраралық жер инспекциясы қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша аумақтық жер инспекциясына, Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын

басқару агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша аумақтық жер инспекциясына бөлу жолымен Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстары бойынша өңіраралық жер инспекциясы қайта ұйымдастырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Алматы облысы бойынша аумақтық жер инспекциясына, Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Алматы қаласы бойынша аумақтық жер инспекциясына бөлу жолымен Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Алматы облысы және Алматы қаласы бойынша өңіраралық жер инспекциясы қайта ұйымдастырылсын.

4. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Атырау облысы бойынша аумақтық жер инспекциясына, Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша аумақтық жер инспекциясына бөлу жолымен Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Атырау және Маңғыстау облыстары бойынша өңіраралық жер инспекциясы қайта ұйымдастырылсын.

5. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Жамбыл облысы бойынша аумақтық жер инспекциясына, Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Қызылорда облысы бойынша аумақтық жер инспекциясына, Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық жер инспекциясына бөлу жолымен Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша өңіраралық жер инспекциясы қайта ұйымдастырылсын.

6. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Қостанай облысы бойынша аумақтық жер инспекциясына, Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық жер инспекциясына бөлу жолымен Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары бойынша өңіраралық жер инспекциясы қайта ұйымдастырылсын.

7. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша аумақтық жер инспекциясына, Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Павлодар облысы бойынша аумақтық жер инспекциясына бөлу жолымен Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары бойынша өңіраралық жер инспекциясы қайта ұйымдастырылсын.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2012

ж ы л ғ ы

19

қ а н т а р д а ғ ы

№

1 2 0

қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.02.2013 № 109 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК